

■ Бүгінгі санда:

ӨЗЕКТІ

Жер телімі
КІМГЕ?

3-бетте

ҚОҒАМ

ҚҰДЫҚ ҚАЗУ

5-бетте

МӘСЕЛЕ

Ақыл-ой
Ауытқуы

8-бетте

1973 жылдың 13 сәуірінен
шыға бастады
mangystaumedиа.kz



ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МАНҒЫСТАУ

Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

№35 (10111) 19 сәуір, сөйсенбі, 2022 жыл

Маңызды мәселелер ШЕШІМ ТАБАДЫ

Айгүл ОРЫНБАЕВА

Өткен аптада облыс әкімі Нұрлан Ноғаев Мұнайлы ауданына үш күнге жұмыс сапарымен барды. Аймақ басшысы ауданға қарасты Атамекен, Басқұдық, Маңғыстау, Батыр, Қызылтөбе ауылдарының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайымен танысып, тұрғындармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, сауалдарына жауап берді, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар кездесулерде Н.Ноғаев ауыл тұрғындарын облыс бойынша атқарылып жатқан жұмыс барысымен таныстырып, ауыл әкімдерінің есебін тыңдап, 2022 жылғы жұмыс жоспарларымен танысты. Сондай-ақ тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Атамекен ауылдық округінің халқы ауыл көшелерін жарықтандыру, ауыз су тапшылығын жою, жер телім-

дерін алу, жаяу жүргіншілер жолын салу, арнайы кокыс төгетін жәшіктердің жоқтығы, қаңғыбас иттердің көбеюі, т.б. мәселелерді көтерді. Аймақ басшысы айтылған барлық сауалдар мен ұсыныстар маңыздылығына қарай шешілетінін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысына келген жұмыс сапарында өңірдің ең өзекті ауыз су мәселесін шешуді тапсырды. Осы бағытта біз

бірқатар ірі жобаларды қолға алып жатырмыз. Мұнайлы – Қазақстандағы халық саны бойынша ең жылдам өсіп келе жатқан ауданның бірі. Сондықтан ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі уәкілетті органдардың тұрақты бақылауында болуы керек. Жергілікті атқарушы орган балабақша, мектеп, аурухана сынды әлеуметтік нысандардың құрылысын ұйымдастыруы қажет. Ел Президенті өз Жолдауында халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде тапсырмалар берді. Сондықтан біз осы бағытта жұмыс атқарамыз. Бүгін көтерілген мәселелердің барлығы шешімін табады. Оған шыдамдылық пен уақыт керек, – деді Нұрлан Ноғаев.

Айта кетейік, Атамекен – Мұнайлы ауданындағы халық ең көп шоғырланған ауыл. Онда 43 мыңнан астам тұрғын бар. Қазіргі таңда бұл ауылдағы ең өзекті мәселе – жазғы уақытта ауыз судың жетіспеушілігі. Жалпы Атамекен ауылын толықтай сумен қамту үшін күніне 5600 текше метр су қажет. Алайда бүгінгі таңда қыс мезгілінде тәулігіне 1500–2000 текше метр, жаз айларында 2000–2500 текше метр су беріледі. Мәселені шешу үшін сыйымдылығы 2000 текше метрді құрайтын қосымша су айдау қондырғысын орнату жоспарлануда. Ол үшін жергілікті бюджетке ұсыныс берілген. Бұл қондырғы Жалын, Арай, Шағала елді мекендерін ауыз сумен толық қамтамасыз ететін болады.

Жалғасы 2-бетте

Азық-түлік бағасы ҚАШАН ТҰРАҚТАЛАДЫ?



Соңғы екі жылда азық-түлік бағасы айтарлықтай өсті. Бұл қарапайым халықтың қалтасына ауыр соққы болуда. Бүгінгі таңда азық-түліктің қазіргі бағасын қалыпты ұстап тұру басты мәселе болып тұр. Аталған жайтқа қатысты мониторинг жұмыстары мен бағаны тұрақты ұстап отыру бойынша Ақтау қалалық әкімдігінде қоғамдық кеңес пен сала жауаптыларының жиыны өтті.

Сенбі күні өңір басшысы Нұрлан Ноғаев Ақтаудың бастамашыл тобымен кездесіп, қаланың қоғамдық орындарын дамыту мәселелерін талқылады, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қала тынысы – НАЗАРДА

А.БЕКМҰРАТҚЫЗЫ

Еркін форматта ұйымдастырылған шараға кәсіпкерлер, еріктілер, мәдениет және спорт өкілдері, мемлекеттік органдардың, коммуналдық мекемелердің басшылары қатысты.

Кездесу барысында өңірлік іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Сәуле Салихова, облыстық баскетбол федерациясының президенті Самсон Аракелян және IT-кәсіпкер, «Смарт-Ақтау» жобасының авторы Сергей Шматеев презентация жасады.

Бастамашыл топтың жобалары қаланың қоғамдық кеңістігін дамытуға, сәулеттік келбетін жақсартуға және тұрғындар үшін жайлы орта құруға арналған. Презентация аяқталғаннан кейін жиынға қатысушылар аталған жобаларды талқылады.

Өңір басшысы өз кезегінде жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырмалар берді.

– Жобаны аяғына дейін іске асыру – көп еңбекті қажет ететін процесс. Алайда барлық кедергілерге қарамастан, біз осы бағытта жүруіміз керек. Жергілікті атқарушы органдар барлық ұсыныстарға ашық, ал қала тұрғындары қаланың қоғамдық кеңістігін дамытуға, абаттандыруға белсене араласу керек, – деп атап өтті Нұрлан Ноғаев.